

Кеден одағы Комиссиясының кейбір шешімдеріне тұқымдық картопқа қатысты өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2025 жылғы 22 қаңтардағы № 2 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 43 және 45-баптарына, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 16-тармағына, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 7 және 16-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі **шешті**:

1. Кеден одағы Комиссиясының "Еуразиялық экономикалық одақты бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы" 2009 жылғы 27 қарашадағы №130 шешімінің 7-тармағы мынадай мазмұндағы 7.1.77-тармақшамен толықтырылсын:

"7.1.77. ЕАЭО СЭҚ ТН 0701 10 000 0 кодымен сыныпталатын, Армения Республикасына 3,5 мың тоннадан аспайтын көлемде әкелінетін "Е" (Элита) және "А" (бірінші репродукция) тұқымдық санаттағы картоп.

Көрсетілген тарифтік жеңілдік Армения Республикасының ауыл шаруашылығы саясаты саласындағы уәкілетті атқарушы билік органы берген және осындай тауарлардың номенклатурасы, саны, құны, сондай-ақ оларды әкелуді жүзеге асыратын ұйымдар туралы мәліметтерді қамтитын құжат Армения Республикасының кеден органына ұсынылған жағдайда беріледі.

Осы тармақта көзделген тарифтік жеңілдік оларға қатысты тауарларға арналған декларация, ал тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарлар шығарылған жағдайда – тауарларды шығару туралы өтініш тауарларға арналған декларация берілгенге дейін Армения Республикасының кеден органы Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2025 жылғы 22 қаңтардағы №2 шешімі күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 2025 жылғы 30 маусымға дейін тіркеген, ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсіміне орналастырылатын (орналасқан) тауарларға қатысты беріледі.

Осы тармаққа сәйкес тарифтік жеңілдік оларға қатысты қолданылған тауарларды тек Армения Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етіледі."

2. Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 15 шілдедегі № 728 шешімімен бекітілген Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағына тауарлардың жекелеген санаттарын әкелу кезінде кедендік баждарды төлеуден босатуды қолдану тәртібінің 15-тармағындағы "7.1.76" деген цифрлар "7.1.77" деген цифрлармен ауыстырылсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
М. Григорян	И. Петришенко	С. Жұманғарин	Д. Амангельдиев	А. Оверчук

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК